

«Келісілді»

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Мектепке дейінгі және орта білім  
комитетінің төрағасы

 М. Мелдебекова  
«11» 09 2021 ж.

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
«Ұлттық тестілеу орталығы»  
РМКК директоры



Д. Смагулов  
2021 ж.

**Неміс тілі пәні бойынша мектеп бітірушілерді  
корытынды аттестаттауға арналған тест спецификациясы**  
(2021 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест спецификациясы келесі күжаттардың негізінде әзірленген:

– Қазақстан Республикасы Укіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БФМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР БФМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БФМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім деңгейінің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оку бағдарламалары (5-9 сынып);

– ҚР БФМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оку бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оку бағдарламалары.

**Тестті әзірлеу мақсаты:** Неміс тілі пәні бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттагы негізгі орта және жалпы орта білім беру оку бағдарламаларын менгеру дәрежесін анықтау.

**Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 7, екінші деңгейде – 6, үшінші деңгейде – 5 тест тапсырмасы.

Кешенді тест мектеп бітірушінің коммуникативті-тілдік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейлерін анықтайды. Тест екі бөліктен тұрады:

**I блок – Тындалым**

Бұл бөлімде тындауға 2 мәтін және әр мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Тындалымға ұсынылған материал 2 минуттық үзілісті сактай отырып, 2 қайтара жазылған. Әр мәтінді тындалап болған соң, оған арналған тест тапсырмаларын орындауға уақыт беріледі. Екі мәтін арасындағы үзіліс – 5 минут.

Мектеп бітірушілердің қазақ тілінде мәтінді ауқымды және түбегейлі түсінуі фондық қабылдау үрдісінде тілдік, әлеуметтік-мәдени, компенсаторлық, оку-танымдық құзіреттілігі қамтылған тілдік материалдар негізінде тексеріледі.

**II блок – Оқылым**

Бұл бөлімде оқуға 2 мәтін ұсынылады. Бірінші мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Оның ішінде 3 тест тапсырмасы мәтін мазмұнына, 2 тапсырма тілдік бағдарға құрылады.

Екінші мәтін бойынша ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін 3 тест тапсырмасы беріледі. Сол арқылы білім алушының «Жазылым» дағдысы тексеріледі.

Тестке жалпы білім беретін мектептерге арналған неміс тілі пәні бойынша оку бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

<b>№</b>	<b>Раздел</b>	<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>№</b>	<b>Максаттар</b>
01	Тындалым	01	Үйде және үй сыртында. Тірі организмдер. Құндылықтар. Жұмыс әлемі. Қиял әлемі. Спорт, денсаулық, дene шынықтыру.	01	Мазмұнын түсіну, мәтіннің негізгі ақпаратын ұсыну.
				02	Негізгі ойды, тақырыптың атаулары мен идеясын анықтау.
				03	Салыстырмалы талдау жасау, Мәтіннің мазмұныны қорытынды және сыни бағалау жасау.
02	Оқылым	02	Оқу сауаттылығы Демалыс және саяхат. Батырлар. Тұрғылықты жер. Драма және комедия. Транспорт. Қызығушылық және бос уақыт.	04	Мәтіннің мазмұнын түсіну, мәтіннің негізгі ақпаратын ұсыну
				05	Негізгі ойды, мәтіннің атаулары мен идеясын анықтау.
				06	Салыстырмалы талдау жасау, Мәтіннің мазмұныны қорытынды және сыни бағалау жасау.
		03	Лексикалық нормалар Коммуникация және технологиялар. Космос және Жер. Ойын-сауық және медиа.	07	Сөздердің тұра және ауыспалы мағынасын; синонимдер, антонимдер, көп мағыналы сөздерді, күрделі сөздерді пайдалану.
				08	Тұрақты сөз тіркестерін: фразалық етістіктер, идиомалар, мақалмәтелдерді пайдалану, сөздерді өзіне тән мағынасына қарай пайдалану
				09	Лексиканы сөйлесу тақырыптарында, орфографияда пайдалану
		04	Грамматикалық нормалар Киім және мода. Біздің айналамыздағы әлем. Табиғат әлемі. Тамақ және сусындар. Хобби. Қайырымдылқ және конфликт.	10	Сөз таптарын, зат есімнің сандық категориясын, зат есімдердің жіктелу түрлерін пайдалану
				11	Әртүрлі есімдіктер: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, болымсыздық және белгісіздік есімдіктерін пайдалану

				12	Сын есімдердің және үстеулердің салыстырмалы шырайларының нормаға сәйкес келуі
				13	Есептік және реттік сан есімдердің орфографиясын сақтау
				14	Етістіктің әр түрлі шақтағы формаларын, дұрыс және бұрыс етістіктерді, модаль етістіктер және олардың баламаларын пайдалану. Етістіктерді есімше түрінде: Gerund, Партицип I, II, инфинитив орамдары haben/sein+Infinitiv, инфинитив орамдары: um... zu+Infinitiv; ohne ...zu +Infinitiv; anstatt ... zu+ Infinitiv пайдалану
				15	Сөйлемдегі сөз тәртібін анықтай білу және сөйлем түрлерін анықтап пайдалана білу. Төл және төлеу сөздерді, шақтардың қысысуын пайдалану. Рай түрлерін пайдалана білу.
03	Жазылым	05	Салт-дәстүрлер және тіл. Музыка және фильмдер. Саяхат және туризм.	16	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жалпы және оқу тақырыптары бойынша өз бетімен мәтін деңгейінде жұмысты жоспарлау, жазу, өндөу және түзету;</li> <li>- тақырып, жанрға сәйкес түрлі көлемде лексикалық қорды қолдану, грамматикалық түрнідан дұрыс жазу;</li> <li>- жалпы оқу тақырыптары бойынша грамматикалық сауатты жазу.</li> </ul>

				17	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жалпы және оқу тақырыптары бойынша жазудың кең, түрлі жанрында белгілі ресми деңгейде қолдау үшін сәйкес стиль мен регистрді қолдану;</li> <li>- жалпы және оқу тақырыптары бойынша жазбаша жанrlар үшін қажет болған жағдайда мысалдар мен себептерін ұсына отырып логикалық дәлелдерді дамыту;</li> </ul>
				18	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жалпы және оқу тақырыптары бойынша мәтіннің кең көлемді деңгейінде сәйкес өз жоспарын қолдану;</li> <li>-жалпы және оқу тақырыптары бойынша түрлі қызметі көмегімен жаңалықтарды хабарлау және жауап беру және көніл-куйін білдіру;</li> <li>- жалпы және оқу тақырыптарын кең түрлендіруде мәтін деңгейінде жазба жұмыстарында тыныс белгілерін жоғары деңгейде нақты қою.</li> </ul>

### Тапсырмалар мазмұнына сипаттама:

Курстың оқу бағдарламасы бойынша білім алушылар менгеруі тиіс:

Тыңдалым: түрлі жанрдағы аутентикалық мәтіндердің негізгі идеясын түсіну, таныс және жартылай таныс тақырыптарды талқылау, схема, таблица, формаларды толтыру үшін нақты хабарламаларды енгізе отырып, функционалдық мағынасын анықтау, жалпы және оқу тақырыптары бойынша мәтіндердің негізгі бөлімдері мен терминдердің мағыналарын түсіну; нақты дәлелдер мен пікірлерді ажырату, жалпы және оқу тақырыптары бойынша түрлі жанrlар мен стилдерде орта көлемді мәтіндерде қарама-қайшылықтарды анықтау және салыстыру, контекстке байланысты таныс емес сөздердің мағынасын табу.

Неміс тілінің қолданылуы: жақсы лексикалық және тілдік қорды қолдана отырып, дәлдіктің жоғары деңгейінде өз пікірін білдіру дағдысы. Откен шақтың түрлерін, осы және келер шақ, модальды етістіктер, ырықты, ырықсыз етістер, төлеу және төлеу сөздерді қолдану.

Оқылым: оқу ережесін қолдана отырып, құбылыстар мен оқигалардың себептері мен уақытын анықтай отырып, әлеуметтік ғылымдар туралы түрлі жанrlар мен стильдегі ғылыми және көркем әдебиеттер мәтіндерінің негізгі идеясын түсіну, сөз

мағынасын талдау және салыстыру, түрлі стиль мен жанрдағы мәтіндер мазмұнын сыни түрғыдан бағалау.

Жазылым: жазбаша жұмысқа қысқаша шолу жасау және жоспарлау; түрлі стиль мен жанрдағы мәтіндерді өндөу және түзету; грамматика мен жазу ережелерін сактау; бұқаралық ақпарат құралдары негізінде жазбаша түрде дәлелдер келтіру; талқылап отырған сұраққа қатысты пікірін білдіре отырып, дискурсивті мәтіндер құрастыру; ресми хаттар мен басқа құжаттар жазу; гуманитарлық бағыттың мәдениетінде орналасқан мәтіндердің мазмұнын сипаттауда.

**Тест тапсырмаларының формалары:**

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты және ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін тест тапсырмалары.

**Тест тапсырмаларының саны:**

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының саны – 18: бір дұрыс жауапты 10 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы, ашық түрдегі қысқаша немесе толық жауапты 3 тест тапсырмасы.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Тестті жалпы орындау уақыты – 80 минут.

**Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау:**

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 10 балл.

Контекст негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл.

Ашық түрдегі дұрыс орындалған 1 тест тапсырмасына 0-ден 5 балға дейін, максималды – 5 балл. Барлығы – 15 балл.

Барлық тест бойынша жиналатын максималды балл – 30.

